

ЖЕҢІС КУНІНЕ АРНАЛДЫ

Жыныда университетіміздің №3 жатақханасында Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай «Механика және мұнайгаз ісі» факультеті «Жоғары математика» кафедрасы I курс студенттерінің үйымдастыруымен «Ұлы Жеңіс – үрпақта аманат» тақырыбында іс-шара өткізілді. Іс-шараның басты мақсаты табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік арқылы жеңіске жеткен атала-рымыз берекелеріміздің батырлықтары мен жанқиярлықтарын, тылдағы Жеңісті жақыннатқан жұмысшылардың ерен еңбектерін кейінгі үрпақта жеткізу болып табылады.



«Механика және мұнайгаз ісі» факультеттінің I курс студенттері 1941 жылы 22 маусымда неміс басқыншыларының соғыс жарияламастан КСРО жеріне опасыздықпен басып кіргенін, бейбіт өмір сүріп жатқан ел азаматтарының белін бекем буып, Отан қорғауга аттануын көркем суреттей алды. Олардың артында жылап-сықтаң қалған ана, сүйген жар, қорғансыз балалардың күйін бейнеледі. Атап айтқанда, ММГ-14-3к1 тобының студенті Ерғешбаев Төлеген және ММГ-14-3к2 тобының студенті Өскенбай Береке неміс фашистеріне қарсы соғысып жүрген солдаттарды шеберлікпен сомдады. Соғыстағы жауынгер мен анасының сағынышы хат алмасуларында баяндады. Студенттер 4 жылға созылған сұрапыл соғыс біткендегі сәтті, жауынгерлердің жеңістеріне жүректері жарылардай қуанған коріністерін көрсетті.

Іс-шараға университетіміздің түсірілім тобы келді. Сондай-ақ «Тәрбие бөлімі және жа-стар саясаты» департаментінің жоғары білікті маманы А.Б.Мұхамедханов, «Дистанциялық және кешкі оқыту» факультеттінің адіскері К.Ж. Ешанкурова, «Механика және мұнайгаз ісі» факультеттінің деканы Д.С. Мырзалиев, тарих науқиңің оқытушысы Е. Орынтаева және басқа да профессор-оқытушылар қатысты. Олар студенттердің қойылымдарына оң бағасын беріп, алғыстарын айтты. Жатақхананың акт залы көрмермендерге лық толы болды.

Х.А.Аширбаев «Жоғары математика» кафедрасының менгерушісі

А.И.ДЖУМАГАЛИЕВА, С.Р.ДУЛАТОВ «Жоғары математика»
кафедрасының аға оқытушылары